

«Бекітілді»
«Атырау облысы Білім беру басқармасының
Атырау қаласы білім бөлімінің
«Шағала» бөбекжай-бақшасы КМҚК
менгерушісі  Г.А.Джанжолова
2021 жылғы «31» тамыздағы
педагогикалық кеңес шешімімен

**«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің
КМҚК «Шағала» бөбекжай-бақшасы»
Ересек №1 «Ботақан» тобының
«Ойнайық та ойлайық» вариативтік компонентінің
2021-2022 оқу жылындағы жоспары.**

Түсіндірме жазба

Интеллектуалдық дамыту ойындары мектепке дейінгі жастағы балалардың,психологиялық,физиологиялық және ақыл-ойының дамуына маңызы зор қызмет атқарады.Оларды тәрбие мен оқытуда мақсатты қолданудың әдістемелік жүйесін құру үшін ғылыми-әдістемелік негіздері зерделеніп,әлемдік тәжірибиеде қолданыстағы түрлеріне талдау жасалды.Нәтижесінде баланың жас және жеке ерекшелігіне қарай ақыл-ойының жетілуіне,танымның кенеюіне игі ықпал ететін интеллектуалдық дамыту ойындары төмендегі атаулары бойынша

құрастырылады

«Түрлі түсті бөлшектер»

«Таяқшалар»

«Көркем өрнек»

«3D үшбұрыштар»

«Тез тап»

«Сәулетші»

«Көбелектер»

«Пішіндер»

Аталған ойындар «Интеллектум-балабақша»интеллектуалдық дамыту ойындарының кешені деп аталады.Оның құрамына ойындарды қолданудың әдіс-тәсілдерін қарастыратын Әдістемелік құралы және баланың жеке дамуына қажетті жұмыс дәптерлері кіреді.Кешенің мазмұндық құрылымы мен әдістемелік негіздері Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес әзірленіп,дидактикалық құрал ретінде қызметі айқындалады.

Қолданылған әдебиеттер

Бижан Құрманғалиқызы Игенбаева

Осман Метин

Әдістемелік Құрал

Қыркүйек айы

Саны	Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Ойын тәртібі	Атауы
1	3.09.	Тақырыбы: «Жүк көлігі» (жеке ойын)	Мақсаты: Түрлі – түсті бөлшектерден жүк көлігін құрастыру.. Көліктің құрылысы оның жүгінің сипаты мен мағынасына байланысты болатыны туралы түсінігін кеңейту.	Ойын тәртібі: Түрлі-түсті бөлшектерден жүк көлігінің қажетті бөліктерін таңдайды.Бөлшектерді үлгі бойынша орындарына қояды.Жүк көлігін құрастырады.	Түрлі – түсті бөлшектер
2	10.09.	Тақырыбы: «Тақта құрастыру» (жеке ойын)	Мақсаты: Берілген бөлшектерді пайдалана отырып,тақта құрастыру.Тіктөртбұрышты пішінді еске түсіре отырып,тақта пішінін айту.Үлгіге қарап,тактаны құрастыру.Әр бұрыштарын саусақпен санап,ойлау қабілеттерін дамыту.	Ойын тәртібі: Әр бала өз қорабындағы пішіндерді үлгіге қарап табады.Ондағы бөлшектерді үлгі бойынша орналастырады.Пішінге сәйкес келетін орны мен бағытын табады.Пішіннің бұрыштарын санайды.	Пішіндер
3	17.09.	Тақырыбы: «Кәмпиттерді сәйкестендіру» (топтық ойын)	Мақсаты: Текшелерден тізбек құрастыру арқылы текшелердің орнын табуға жаттықтыру. Саусақтың санын кәмпитпен сәйкестендіруді және сандарды ажырата білуге үйрету, логикалық ойындарға ойланып, нақты жауап беруге дағдыландыру. Тіл байлығын, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Ойын тәртібі: «Домино»тәртібімен ойналады. 2-4 баладан жаңа топ құрылады.Текшелерде саусақ пен кәмпиттер белгіленген беттерімен әр топ өз ойын алаңына орналастырады.Бір текшені ортаға қойып,ондағы саусақтар мен кәмпит санын сәйкестендіре отырып,топ мүшелері кезегімен тізбекті жалғастырады.	Ақылды текшелер
4	24.09.	Тақырыбы: «Екі түсті көбелектерді жинау» (топтық ойын)	Мақсаты: Балаларды көбелектермен, олардың қасиеттерімен таныстыру, білімдерін кеңейту. Екі түсті көбелектерді табу.Балалардың өзіне және айналасындағыларға жақсы сезімін ояту, жәндіктерге сүйіспеншілігін арттыру, тірі табиғатты қорғауға тәрбиелеу.	Ойын тәртібі: Ойын екі текшемен басталады.Екі текше арқылы анықталған түстерге сәйкес көбелектерді тауып,ұпай жинайды.Жинаған көбелектерді санайды.	Көбелектер

Қазан айы

Саны	Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Ойын тәртібі	Атауы
5	08.10.	Тақырыбы: «Зымыра» (жеке ойын)	Мақсаты: Ғарыш туралы түсініктерін қалыптастыру.Түрлі-түсті бөлшектерден зымыран құрастыру. Құрылыс материалдарынан пішініне сәйкес дұрыс пайдаланып, зымыран құрастыра білуге үйрету.Құрылыс материалдарынан дұрыс жасай білу дағдыларын қалыптастыру.	Ойын тәртібі: Әр бала ойынмен танысады.Үлгіге қарап қажетті бөлшектерді таңдайды.Зымыран бөліктерін үлгі бойынша орналастырады.Өз бетінше жаңа пішін құрастырады.	Түрлі – түсті бөлшектер
6	15.10.	Тақырыбы: «Шаршы құрастыру» (жеке ойын)	Мақсаты: Балаларды бөлшектерден тұтас бір пішін құрастыруға үйрету. Балалар ақ шаршының үстіне бөліктерге бөлінген түрлі-түсті шаршыны құрастырудыүйрету. Шаршының қанша бөліктен тұратынын санайды, құрастырылған шаршының түсін айта отырып,ойларын жетілдіру.	Ойын тәртібі: Балалар үйренген тәсілін қолдана отырып,бір түсті пішіндерді табады.Үлгіге қарап,бір түсті пішіндерден шаршы құрастырады.Құрастырған шаршысы неше бөліктен тұратынын санайды.	Пішіндер
7	22.10.	Тақырыбы: «Жасырынған жемістер»(топтық ойын)	Мақсаты: Балаларды жемістердің түрлерімен таныстырып, оларды бір бірінен түсі, пішіні, дәмі арқылы ажыратып білуге үйрету. Суреттердің арасынан жемістерді табу. Жемістерді айыра білуге, түстерді таңдай білуге үйрету.	Ойын тәртібі: Балалар топқа бөлінеді.Карточкада жасырынған жемісті анықтап,текшелер арасынан тауып көрсетеді.Тапқан жемісі жайлы әңгімелейді.	Ақылды текшелер
8	29.10.	Тақырыбы: «Көбелек жинау» (топтық ойын)	Мақсаты: Түрлі түсті таяқшалардан өрнек құрастыру. Төртбұрышты тақтайшаларға өрнектің түрлі пішіндерін орналастыру. Балалардың ойлау қабілетін дамытады және саусақ маторикасын дамытады.	Ойын тәртібі: Жаңа топ құрылады.Текшедегі сәйкес түстерден тұратын көбелекті тез тауып көрсетеді.Жинаған көбелектерін санайды.Ұпай санын анықтайды.	Көбелектер

Қараша айы

Саны	Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Ойын тәртібі	Атауы
9	05.11.	Тақырыбы: «Гүл құрастыру» (жеке ойын)	Мақсаты: Балаларға өсімдіктер жайлы туралы түсінік беру. Түрлі-түсті бөлшектерден гүл құрастырып үйрету. Балалардың ойлау қабілеттерін, сөздік қорларын, саусақ моторикаларын дамыту. Өз ойларын толық жеткізе білуге, гүлдерге қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	Ойын тәртібі: Әр бала үлгімен мұқият танысады. Гүлдің құрастыруға қажетті таяқшаларды таңдап алып, гүл құрастырады. Құрастырған гүлі жайлы әңгімелейді.	Түрлі – түсті бөлшектер
10	12.11.	Тақырыбы: «Түрлі пішіндер құрастыру» (жеке ойын)	Мақсаты: Түрлі-түсті бөлшектерді пішіндер құрастыру. Олардың пішіндерден түрлі бейнелер құрастыру арқылы балалар санасына геометриялық фигуралар жайлы түсінікті дағдыларына сіңіре білуге үйрету. Балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу. Балаларды ұқыптылыққа, бір-біріне сыйластық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.	Ойын тәртібі: Әр бала өз қорабындағы пішіндерді зерделейді. Пішіндерді санына, түсіне карап тандайды. Оларды үлгі бойынша сәйкестендіреді.	Пішіндер
11	19.11.	Тақырыбы: «Жасырын жануарлар» (топтық ойын)	Мақсаты: Әрбір жануардың атын дұрыс атауға жаттықтыру және олардың тіршілік ететін ортасы туралы түсініктерін бекіту. Суреттердің арасынан жасырынған жануарларды табу.	Ойын тәртібі: Балалар топқа бөлінеді. Карточкада жасырынған жануарларды анықтап, текшелер арасынан тауып көрсетеді. Тапқан жануар жайлы әңгімелейді.	Ақылды текшелер
12	26.11.	Тақырыбы: «Көбелектің түсін сәйкестендіру» (топтық ойын)	Мақсаты: Балаларға жалпы көліктер туралы түсінік беру. Көліктердің ерекшеліктеріне қарай топтастырып (жерде, суда, әуеде) атқаратын қызметіне қарай салыстыра білуге үйрету, маңыздылығы туралы ұғымдарын кеңейту. Түрлі-түсті таяқшалардан кеме құрастыру. Адамгершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	Ойын тәртібі: Жаңа топ құрылады. Текшелердегі түстерге сәйкес көбелектерді таңдайды, топтайды. Жинаған көбелектерінен ұпай санын шығарады.	Көбелектер

Желтоқсан айы

Саны	Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Ойын тәртібі	Атауы
13	03.12.	Тақырыбы: «Адам құрастыру» (жеке ойын)	Мақсаты: Балаларға өз дене құрылысын білуді, адамның бір-бірінен айырмашылығын салыстыру, ажырата білуге көмектесу, Түрлі-түсті бөлшектерден адам бейнесін құрастыру.	Ойын тәртібі: Балалар үлгі бойынша қажетті бөлшектерді түстеріне сәйкес таңдайды. Бөлшектерді сәйкестендіріп, үлгі бойынша адам бейнесін құрастырады.	Түрлі – түсті бөлшектер
14	10.12.	Тақырыбы: «Пішін құрастыру» (жеке ойын)	Мақсаты: Бүтін,бөлшек ұғымдарын түсіндіру.Түрлі бөлшектерден түсіне қарай төртбұрыш құрастыру. Балалардың ой – өрісін, қол моторикасын, логикалық ойлау қабілеттерін ойын арқылы дамыту, зейіндерін, белсенділіктерін арттыру. Балаларды ұйымшылдыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.	Ойын тәртібі: Әр бала өз қорабындағы пішіндерді үлгіге қарап табады.Бөлшектерді үлгі бойынша түстеріне қарай орналастырады.Олардың пішінге сәйкес келетін орны мен бағытын анықтайды.Төртбұрыштың бұрыштарын көрсетеді.	Пішіндер
15	24.12.	Тақырыбы: «Түрлі – түсті пішін» (жеке ойын)	Мақсаты: Түрлі-түсті бөлшектерді пайдаланып,үлгідегі пішіндерді жасау.	Ойын тәртібі: Әр бала өз қорабындағы пішіндерді зерделейді.Үлгіге қарап,бөлшектерінің орналасу ретін табады.Түрлі-түсті бөлшектерді түстеріне қарай орналастырады. Сәйкес бағытын анықтайды.	Көркем өрнек
16	31.12.	Тақырыбы: «Бір түсті көбелектер» (топтық ойын)	Мақсаты: Түстері сәйкес көбелектерді жинау.	Ойын тәртібі: Балалар топқа бөлінеді.Әр топ өз қорабындағы көбелектермен танысады.Ондағы көбелектерді ойын алаңына орналастырады.Топтағы бір бала текшені ойын алаңына лақтырады.Текше бетіндегі түске сәйкес көбелекті тапқан бала өзіне алып,ұпай жинайды.	Көбелектер

Қаңтар айы

Саны	Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Ойын тәртібі	Атауы
17	07.01.	Тақырыбы: «Желкенді қайық» (жеке ойын)	Мақсаты: Түрлі-түсті таяқшалардан желкенді қайық құрастыру.	Ойын тәртібі: Балалар желкенді қайықпен танысады. Таяқшаларды ұзындығына қарай топтастырады. Үлгі бойынша желкенді қайқ құрастырады.	Таяқшалар
18	14.01.	Тақырыбы: «Күн» (жеке ойын)	Мақсаты: Түрлі-түсті үшбұрыштардан күн құрастыру.	Ойын тәртібі: Балалар ойын үлгісімен танысады. Үшбұрыштардан өз бетінше күн құрастырады. Күн жайлы білгендерін айтады.	3DҮшбұрыш
19	21.01.	Тақырыбы: «Сәйкес түс пен пішін» (жеке ойын)	Мақсаты: Түрлі-түсті бөлшектерді пайдаланып, үлгідегі пішіндерді жасау.	Ойын тәртібі: Әр бала өз қорабындағы пішіндерді зерделейді. Үлгіге қарап, бөлшектерінің орналасу ретін табады. Түрлі- түсті бөлшектерді түстеріне қарай орналастырады. Сәйкес бағытын анықтайды.	Көркем өрнек
20	28.01.	Тақырыбы: «Жануарлар» (топтық ойын)	Мақсаты: Текше түстеріне сәйкес көбелек табу.	Ойын тәртібі: Топтағы балалар өз ойларынан екі түсті атайды, түстері сәйкес келген көбелектерді тез тауып, көрсетеді. Жинаған көбелектерді санайды,	Тез тап

Ақпан айы

Саны	Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Ойын тәртібі	Атауы
21	04.02.	Тақырыбы: «Раушан гүлі» (жеке ойын)	Мақсаты: Түрлі–түсті таяқшалардан раушан гүлін құрастыру.	Ойын тәртібі: Балалар желкенді қайықпен танысады.Таяқшаларды ұзындығына қарай топтастырады.Үлгі бойынша желкенді қайқ құрастырады.	Таяқшалар
22	11.02.	Тақырыбы: «Үшбұрыш құрастыру» (жеке ойын)	Мақсаты: Түрлі-түсті үшбұрыштар құрастыру.	Ойын тәртібі: Балалар ойын үлгісімен танысады.Үшбұрыштардан өз бетінше күн құрастырады.Күн жайлы білгендерін айтады.	3DҮшбұрыш
23	18.02.	Тақырыбы: «Көркем өрнек» (жеке ойын)	Мақсаты: Бөлшектерден өз ойынан пішін құрастыру.	Ойын тәртібі: Әр бала өз қорабындағы пішіндерді зерделейді.Үлгіге қарап,бөлшектерінің орналасу ретін табады.Түрлі- түсті бөлшектерді түстеріне қарай орналастырады.Сәйкес бағытын анықтайды.	Көркем өрнек
24	25.02.	Тақырыбы: «Пішіндерді сипатта»(топтық ойын)	Мақсаты: Ортақ байланысы бар пішіндерді табу.	Ойын тәртібі: Топтағы балалар өз ойларынан екі түсті атайды,түстері сәйкес келген көбелектерді тез тауып,көрсетеді.Жинаған көбелектерді санайды,	Тез тап

Наурыз айы

Саны	Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Ойын тәртібі	Атауы
25	04.03.	Тақырыбы: «Өрнек құру» (жеке ойын)	Мақсаты: Түрлі-түсті таяқшалардан өрнек құрастыру	Ойын тәртібі: Өр бала үлгімен танысады. Түсіне,санына және көлеміне қарай тақтайшаларды топтайды. Түрлі-түсті тақтайшалардан үлгі бойынша өрнек құрастырады.	Таяқшалар
26	11.03.	Тақырыбы: «3D пішіндер» (жеке ойын)	Мақсаты: Түрлі-түсті пішіндерден үлгідегі суретті құрастыру.	Ойын тәртібі: Балалар ойын үлгісімен танысады. Бөлшектердің пішіні мен түсін атайды.Пішіндерді бірнеше рет қораптан алып,әрқайсысын өз орнына орналастырады.	3DҮшбұрыш
27	18.03.	Тақырыбы: «Кереге құру» (топтық ойын)	Мақсаты: Тақтайшалардан кереге құрастыру.	Ойын тәртібі: Балалр ойын тәртібін еске түсіреді. Тақтайшаларды қырынан қою арқылы,кереге құрастырады.оны сипаттайды.	Сәулетші
28	25.03.	Тақырыбы: «Ортақ белгісін тап»(топтық ойын)	Мақсаты: Ортақ байланысы бар пішіндерді табу.	Ойын тәртібі: Ойын сары түсті үлгі картамен жүргізіледі. Үлгі бойынша ойын алаңы ұйымдастырылады.Балалар сәйкес суреттерді тауып,сипаттама береді.	Тез тап

Сәуір айы

Саны	Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Ойын тәртібі	Атауы
29	08.04.	Тақырыбы: «Кеме» (жеке ойын)	Мақсаты: Түрлі-түсті таяқшалардан кеме құрастыру.	Ойын тәртібі Әр бала өз қорабындағы таяқшалармен ойынды бастайды. Таяқшаларды ұзындықтарына қарай үлгі бойынша топтастырады. Таяқшалардан кеме құрастырады.Кеме туралы өздерінің білетіні туралы айтады.	Таяқшалар
30	15.04.	Тақырыбы: «Түрлі пішіндер құрастыру» (жеке ойын)	Мақсаты: Түрлі-түсті үшбұрыштардан түрлі жаңа пішіндер құрастыру.	Ойын тәртібі: Әр бала өз қорабындағы пішіндерді пайдалана отырып,үлгіде берілген пішіндерді құрастырады.Құрастырған пішіні жайлы әңгімелейді.	3DҮшбұрыш
31	22.04	Тақырыбы: «Инелік» (жеке немесе топтық ойын)	Мақсаты: Тақтайшалардан инелік құрастыру.	Ойын тәртібі: Балалар ойын тәртібін еске түсіреді.Тақтайшаларды қырынан қою арқылы,инелік құрастырады.Әр топ құрастырған инеліктерін салыстырады.	Сәулетші
32	29.04.	Тақырыбы: «Жиһаз»(топтық ойын)	Мақсаты: Тақтайшалардан жиһаз құрастыру.	Ойын тәртібі: Балалар қораптан тақтайшаларды шығарып,ойын алаңына орналастырады.Тақтайшаларды тігінен,қырынан,көлденең қою арқылы үлгідегі жиһаздарды құрастырады.	Сәулетші

Мамыр айы

Саны	Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Ойын тәртібі	Атауы
33	06.05.	Тақырыбы: «Қайың ағашы» (жеке ойын)	Мақсаты: Түрлі-түсті таяқшалардан ағаш құрастыру.	Ойын тәртібі: Үлгіге мұқият қарап, қайың ағашын құрастырады.Қолданған таяқшаларды түстеріне қарай топтайды.Ұзындықтарына сәйкес орналастырады.	Таяқшалар
34	13.05.	Тақырыбы: «Түрлі–түсті үшбұрыштар құрастыру» (жеке ойын)	Мақсаты: Түрлі-түсті үшбұрыштардан түрлі жаңа пішіндер құрастыру.	Ойын тәртібі: Үшбұрыштарды алдымен бір қатарға тізіп,пішін құрастырады.содан соң оларды жинақтап,үш бөлшекті пішін жасайды.Жасаған үш бөлшекті пішіннің неге ұқсайтынын табады. Үшбұрыштарды қолданып,өз қиялдарынан басқа пішіндер құрастырады.	3DҮшбұрыш
35	20.05.	Тақырыбы: «Арба дөңгелегі» (жеке ойын)	Мақсаты: Тақтайшалардан арба дөңгелегін құрастыру.	Ойын тәртібі: Тақтайшаларды үлгіге қарап таңдайды,топтастырады.Қажетті тақтайшаларды қырынан қойып,үлгі бойынша арба дөңгелегін құрастырады. Құрастырған пішіні туралы әңгімелейді.	Сәулетші
36	27.05.	Тақырыбы: «Баспалдақ»(жеке немесе топтық ойын)	Мақсаты: Тақтайшалардан баспалдақ құрастыру.	Ойын тәртібі: Балалар қораптан тақтайшаларды шығарып,ойын алаңына орналастырады.Үлгі бойынша,алдымен 9 қатар,одан кейін - 5,осылайша баспалдақты толық жинайды.	Сәулетші